

Келес ауданының адами  
әлеуетті дамыту бөлімінің  
«№7 жалпы орта білім  
беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік  
мекемесі



Коммунальное государственное  
учреждение  
«Общеобразовательная средняя  
школа №7» отдела развития  
человеческого потенциала  
Келесского района

050540006322, Абай ауылы, Т.Рыскулов көш. №122  
Тел. 8(72532) 3-07-82

050540006322, с.Абай, ул.Т.Рыскулов №122  
Тел. 8(72532) 3-07-82

**БҰЙРЫҚ**

№ 31.08.2023 ж.

**ПРИКАЗ**

№ 336

**Мектепте қыздар кеңесінің төрайымы мен ұлдар  
кеңесінің төрағасын сайлау туралы**

Ұлдарды батыл, ақылды, ержүрек, отансүйгіш, елжанды, қайсар етіп; қыздардың бойына ең жақсы қасиеттерді дарыту, яғни ибалы, инабатты, ақылды, көркем мінезді етіп тәрбиелеу мақсатында мектепте ұлдар мен қыздар кеңесін құруға БҰЙЫРАМЫН:

1. Білім алушылар арасында қыздар кеңесінің төрайымы болып Алдабергенава Эльмира, ұлдар кеңесінің төрағасы болып Медетбаев Қуат тағайындалсын.
2. Қыздар мен ұлдар кеңесінің жиналысын айына бір рет өткізіп тұру міндеттелсін.
3. Қыздар кеңесінің төрайымы Эльмира Алдабергенава мен ұлдар кеңесінің төрағасы Қуат Медетбаев жылдық жоспарын жасап бекітсін.
4. Қыздар мен ұлдар кеңесінің жұмысын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Е.Абубакиров пен Г.Тагаеваға жүктелсін.

Негіз: 29.08.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңестің қаулысы.

**Мектеп директорының міндетін  
қоса атқарушы:**



**Г.Утебаева**

Бекітетін  
Мектеп директоры м.у.а:  Г. Утебаева



№ 7 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылының 8-9-10-11 сынып қыздары арасындағы қыздар кеңесінің жұмыс жоспары

№	Айы	Қаралатын мәселелер	Әдісі	Жауаптылар
1	қыркүек	1. Қыздар кеңесінің төрайымын сайлау, сыныптан мүшелерін сайлау 9-10-11 2. Мектеп үлгісіне сай киіну. 3. Сөз еркіндігіне және пікір жариялығына келісу	Әңгіме Әңгіме Келісім	Қыздар жиналысының төрайымы: Э. Алдабергенова ДТДЖО. Г. Тагаева, мектеп психологы Шойғараева А, сынып жетекшілер Педогог –ұйымдастырушы Э. Арыстанова.
2	қазан	1. Ерте тұрмысқа шығу дұрыспа? Ерте жүкіліктің алдын алу бойынша «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» 2. Түрлі шаш үлгілерін білейік. 3. 9-10-11 сынып оқушы қыздарының мектеп ережесін сақтауы. 4. Оқушының тәртібі және формасы.	Баяндама Пікір алмасу Келісім	Медбике Бегалиева А Мектеп инспекторы, ДТДЖО Г. Тагаева, қыздар жиналысының төрайымы: Э. Алдабергенова, мектеп психологы Шойғараева А сынып жетекшілер.
3	Қараша	1. Қыз баланың жеке бас гигиенасы 2. Анонимдік сауалнама 3. Оқушының тәртібі және формасы	Баяндама Тест Келісім	Мектеп инспекторы, ДТДЖО Г. Тагаева, қыздар жиналысының төрайымы: Э. Алдабергенова, мектеп психологы Шойғараева А сынып жетекшілер. Мектеп медбикесі Бегалиева А
4	желтоқсан	1. ИТИС- ғасыр дерті 2. Психолог кеңесі 3. Оқушылардың тәртібі және формасы.	Баяндама Кеңес Келісім	Медбике Бегалиева А Мектеп инспекторы, ДТДЖО Г. Тагаева, қыздар жиналысының төрайымы: Э. Алдабергенова, мектеп психологы Шойғараева А сынып жетекшілер.
5	қаңтар	1. Әдептілік –әдемілік белгісі. 2. Аудандық аурухананың дәрігерлері мен кездесу. 3. Оқушылардың тәртібі мен формасы.	Баяндама Кеңес Келісім	ДТДЖО Г. Тагаева, қыздар жиналысының төрайымы: Э. Алдабергенова, мектеп психологы Шойғараева А сынып жетекшілер
6	ақпан	1. Артықас асқанға зиян. 2. «Темекі шегу денсаулыққа зиян» 3. Оқушылардың тәртібі мен формасы	Баяндама Кеңес Келісім	Биология пән мұғалімі Айтыбаева Мектеп инспекторы, ДТДЖО Г. Тагаева, қыздар жиналысының төрайымы: Э. Алдабергенова, мектеп психологы Шойғараева А сынып жетекшілер.
7	наурыз	1. «Алдыменен сүйікті ардақты анаңды аяла»	Баяндама Кеңес	Мектеп инспектор, ДТДЖО Г. Тагаева, қыздар жиналысының

**№7 жалпы орта мектебі» КММ-сі**  
**7-11 сыныптар арасында өткен қыздар жиналысының**

**Хаттамасы №1**

**Қатысқаны:**

**Күн тәртібінде :**

1. «Парасаттылық- асыл қасиет»
2. Қыздар кеңесін жаңа құрамын сайлау
3. Мектеп ережесін таныстыру
4. Қыздардың тәртібі, жүріс тұрысы, ұялы телефон және т/б мәселелер.

**Тыңдалды**

Күн тәртібі бойынша 11 «ә» сынып оқушысы Керимова Шолпан «Парасаттылық - асыл қасиет» тақырыбында баяндама оқыды. Өз баяндамасында қазақ қызынның бойынан табылатын қасиеттерді сипаттап, қыздарды мәдениеттілікке имандылыққа шынайылыққа, жауапкершілікке шақырды. «Қазақтың қызы» деген атқа лайық болуға үндеді.


Екінші мәселе бойынша қыздар кеңесінің жаңа құрамы сайланды. Олар Э. Алдабергенова, Қарибаева Асия, Жакипова Нургул апайларымыз хатшы болып Тагабаева Үлданай апайымыз сайланды. Қыздар кеңесінің 2023-2024 оқу жылындағы төрайымы Эльмира Алдабергенова апай болып сайланды.

Қыздар кеңесінің төрайымы Алдабергенова эльмира апай қыздарды мектеп ережесімен таныстырып қыздардың тәртібі, жүріс тұрысы, шаш үлгілері, форма мәселесі бойынша сөз сөйледі. Мектепке келгенде оқу құралдарының түгел болуы қызға тән инабаттылықты ұстануы, мектепке боянып келмеуі туралы ескертулер жасап өз ойын айтып өтті.

**Қаулы етеді**

1. Мектепке міндетті түрде формамен келуі, шашты үнемі жинап жүру.
2. Ұялы телефон және боянатын заттарды пайдаланбауын қадағалау сынып жетекшісіне жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:



Э. Алдабергенова

№7 жалпы орта мектебі» КММ-сі  
7-11 сыныптар арасында өткен қыздар жиналысының

Хаттамасы №2

Қатысқаны:

Күн тәртібінде :

1. « Қыздар қылықты болсын десеңіз» тақырыбында баяндама
2. Гигиенлық талаптар. Мектебіміздің медбикесі А. Бегалиева

Тындалды

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қыздар кеңесінің төрайымы Алдабергенова Эльмира апайымыз баяндама оқыды, оқудағы мақсат қыздардың жат қылықтарын ажырата білу, олардың денсаулығына ұлт болашағына, рухани болмысына келтіретін зиян туралы түсініктерін дамыту. Ол өз баяндамасында темекі ішімдік, денені жалаңаштау, денеге сурет салу сияқты жат қылықтардың денсаулыққа зияны және қыздар тағдырына әсері туралы ақпараттар мен таныстырып, өмірдегі жағдайлармен салыстырып түсіндіреді және қыздарға төмендегі сұрақтарды қойды. « Қыздарға жат қылықтар» дегенді қалай түсінесіз? Темекі тарту, арақ ішу, қыздарға неге керек? Денеге сурет салдыру, қас кірпік қойдыруға қалай қарайсыз? Ұялы телефонның пайдасы мен зияны на қалай қарайсыздар.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Оқушылардың жат қылықтардан аулақ ұстау үшін ата-аналар мен сынып жетекшілер, пән мұғалімдері арасындағы байланысты нығайтыла түссін.

Жиналыс төрайымы:



Э. Алдабергенова

Хатшы:



Ұ. Тағабаева

№7 жалпы орта мектебі» КММ-сі  
7-11 сыныптар арасында өткен қыздар жиналысының

Хаттамасы №3

Қатысқаны:

Мерзімі: 15.11.2023ж

Күн тәртібінде :

1. «Қазақтың қаракөз қыздар қайдасыңдар» Пікірталас . Тіл мәселесі
2. *Ерте жүктіліктің алдын алу . Мектебіміздің медбикесі А. Бегалиева*

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қыздар кеңесінің төрайымы Алдабергенова Эльмира апайымыз тақырып бойынша пікірталас өткізді. Пікірталас мақсаты қыздардың жат қылықтарды ажырата білуі, олардың денсаулығына, ұлт дамыту. Қазақ қызы деген атқа лайық болуға үндеді. Өмірдегі жағдайлармен салыстырып түсіндіре келе қыздарға төмендегі сұрақтарды қойды. «Қыздарға жат қылықтар» дегенді қалай түсінесіңдер? Жаман әдеттерге нені жатқызар едіңіз? Темекі тарту, арақ ішу қыздарға неге керек? Денеге сурет салдыру, қас, кірпік қойдыруға қалай қарайсыз? Ұялы телефонның пайдасы мен зиянына қалай түсінесіңдер? Осы тақырыптар төңерегінде қызу пікірталас болып өтті


Екінші мәселе бойынша мектебіміздің медбикесі ерте жүктіліктің алдын алу тақырыбы бойынша баяндама жасады. Ол қазіргі кезде ерте жүктіліктің көбейіп бара жатқанын және оның себеептері туралы айтып өтті. Қыздарымызға абай болу кректігін, жігіттерге алданып қалмау жолдарын айтып өтті. Мектеп медбикесі Бегалиева апай өз тарапынан жеке бас тазалығы туралы да ескертулер жасады. Қыздарымызға жан және тән тазалығынна аса мән беру керектігі ескертіліп атылды.

Қаулы етеді

1. Оқушыларды жат қылықтардан аулақ ұстау үшін ата-аналар мен сынып жетекшілер, мектеп психологі, медбике, мектеп инспекторы арасында байланыс нығайла түссін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Э. Алдабергенова

Ұ. Тағабаева

**№7 жалпы орта мектебі» КММ-сі  
7-11 сыныптар арасында өткен қыздар жиналысының**

**Хаттамасы №4**

Қатысқаны:

Мерзімі: 12.12.2023ж

**Күн тәртібінде :**

1. « Жат қылықтардың қыздар тағдырына әсері» тақырыбында баяндама
2. Ұялы телефонның зияны
- 3 *Гигиеналық талаптар . Мектебіміздің медбикесі А. Бегалиева*
4. «Стрестен арылу жолдары» тақырыбында тренинг өткізу. Мектеп психологы Ш. Қалтаева

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қыздар кеңесінің төрайымы Алдабергенова Эльмира апайымыз тақырып бойынша баяндама оқыды. Баяндама оқудағы мақсатымыз қыздардың жат қылықтарды ажырата білуі, олардың денсаулығына, ұлт болашағына, рухани болмысына келтіретін зияны туралы түсініктерін дамыту. Ол өз баяндамасында темекі, ішімдік, денені жалаңаштау, және қыздар тағдырына әсері туралы ақпараттар мен таныстырып, өмірдегі жағдайлармен салыстырып түсіндіреді және қыздарға төмендегі сұрақтарды қойды.

« Қыздарға жат қылықтар» дегенді қалай түсінесіз? Жаман әдеттерге нені жатқызар едіңіз, неліктен? Темекі тарту, арақ ішу қыздарға неге керек? Денеге сурет салдыр, қас, кірпік қойдыруға қалай қарайсыз? Ұялы телефонның пайдасы мен зиянына қалай қарайсыздар? Мектеп психологы Ш. Қалтаева қыздармен « Стрестен арылу жолдары» тақырыбында тренинг өткізіп түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Оқушыларды жат қылықтардан аулақ ұстау үшін ата – аналар мен сынып жетекшілер, пән мұғалімдері арасындағы байланыс нығайтыла түссін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы :

*Э. Алдабергенова*  
*Ұ. Тағабаева*

Э. Алдабергенова

Ұ. Тағабаева

№7 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қыздар  
кеңесінің жиналысы

## ХАТТАМАСЫ №5

Абай ауылы

13.04.2024ж

Қатысқандар:

ДТІЖО: Г.Тағаева

Қыздар комитетінің төрайымы : Э.Алдабергенова

Мектеп медбикесі: А.Бегалиева

Әлеуметтік педагог: Г.Калмуратова

Мектеп психологы : Ш.Калтаева

Тәлімгер: Ұ.Абдуллаева

Хатшы: Ұ.Тағабаева

Сынып жетекшілер

9-10-11 сынып қыздары

### Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Ерте жүктіліктің зардабы?
2. Бойдағы кемшіліктен арылу.
3. Шаш күтімі.
4. Әр түрлі мәселелер.

### Тыңдалды.

Бірінші мәселе бойынша мектеп медбикесі А.Бегалиева баяндама жасады. Өз баяндамасында 12-16 жас аралығында қыздарға ерте тұрмысқа шығудың зардаптарын айтып, үнемі ескертіп отыруымыз керек екенін айтты. Өз уақытысы келгенде, жасы толғанда отбысын құрып, күйеуге шығуды жоспарлауды, заман ағымынан уақыт талабынан қалмауды үйрете отырып, өзін-өзі тәрбиелеу, өз басын құрметтеуді түсіндірді. Ерте жүктілік жас қыздардың денсаулығына орасан зиян келтіруіне әкеліп соғады, бұл өз кезегінде қайғылы жағдайларға алып келеді, 15-18 жас аралығындағы қыздар жүкті болған және жүктілік кезінде туындайтын қиындықтар, көбінесе өлім көрсеткішінің ұлғаюына алып келеді, мәселен дамыған мемлекеттердің өзінде жыл сайын 70 мыңға жуық жасөспірім қыздар көз жұмады. Сондықтан жасөспірімдер арасындағы жүктіліктің өсуі, жасөспірімдер арасындағы некелер мен аналар, ерте жаста түсік жасау, кәмелетке толмаған аналардың жаңа туған нәрестелерінен бас тарту


жағдайлары санының артуы, кәмелетке толмаған қыздардың дамуына патологиялар бар нәрестелерді дүниеге әкелуі , қыздар арасындағы суйцидтердің көбеюі осының бәрі еліміздегі демографиялық жағдайға кері әсерін тигізетінін кең көлемде түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша директодың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Тагаева сөз алып оқушылардың бойындағы жаман кемшіліктерден арылу керектігін айтты. Ақылды қыз білімге жүгірер, Ақылсыз қыз сөзге ілігер дегендей қыздар бойындағы жаман кемшіліктерден арылу керектігін айтып өзін-өзі тәрбиелеуге шақырды.

Үшінші мәселе бойынша қыздар комитетінің төрайымы Э.Алдабергенова қыздардың шаш күтімі және шаш үлгісін айтты. Әр сыныптан оқушылар кезекпен шығып шаш үлгілерін көрсетті.Қыздарға жинақы жүруін ескертті. Мектеп формасын қатаң түрде сақтау керектігін, сабаққа кешікпей келулерін және тәртіпті болып , сыпайы сөйлеу керектігін түсіндіріп өтті.

#### Қаулы етеді:

1. Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жұмыстар жандандырылсын.
2. Мектеп қабырғасында ережеге сай талаптар орындалсын.

Қыздар ұйымының төрайымы:  Э.Алдабергенова

Хатшы:



Ұ.Тағабаева